

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Ұлттық валютаны енгізу жағдайында бағаның өсуін шектеу жөніндегі төтенше шаралар туралы" 1993 жылғы 12 қарашадағы N 1121 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы Ескерту. 1-ші тармақтың 10-12-абзацтарының күші жойылған - ҚРМК-нің 1994.04.28. N 445 қаулысымен. Ескерту. 1-ші тармақтың 5-абзацының күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.09.26. N 1283 қаулысымен.

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 28 желтоқсан 1993 ж. N 1302. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

(Үзінді)

2. Былай деп белгіленсін:

1994 жылы халыққа мемлекеттік ресурстардан бөлінген астықтан өндірілетін нан және нан-тоқаш тағамдары, тары, ұнтақ жарма, пісірілген нан орнына өткізілетін ұн және "Ақ қауырсын" мемлекеттік акционерлік компаниясына, "Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясына, "Живпром" мемлекеттік акционерлік компаниясына, Қазақ ауыл шаруашылық ғылымдары академиясына, сондай-ақ халыққа мемлекеттік ресурстардан босатылатын құрамажем Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген мемлекеттік реттелетін бағалармен сатылады;

1994 жылдың 5 қаңтарынан меншіктің барлық нысандарындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер азық-түлік тауарлары мен кір сабынды (осы қаулының 2-тармағының бірінші абзацында көрсетілген өнімнен басқасын) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Сауда және жабдықтау-өткізу ұйымдары бойынша сауда үстемелерінің мөлшерлері мен рентабельділіктің шекті деңгейлері туралы" 1992 жылғы 2 қыркүйектегі N 735 және "Ұлттық валютаны енгізу жағдайында бағаның өсуін шектеу жөніндегі төтенше шаралар туралы" 1993 жылғы 12 қарашадағы N 1121 қаулыларымен бекітілген рентабельділіктің шекті деңгейлерін ескере отырып қойылатын еркін (нарықты) бағалармен өткізеді. Кәсіпорындарда, ұйымдарда және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілерде 1994 жылдың 5 қаңтарындағы жағдай бойынша осы тауарлар қалдығын түгендеп, қайта бағалау жүргізілсін және жете бағалаудың сомасы олардың өз айналым қаржысын толықтыруға жіберіледі.

(3 - т а р м а қ) < * >

*Ескерту. 3-тармақтың күші жойылған - ҚРКМ 19 қазан 1994 ж. N 1171
қаулысымен.*

*Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК